

ӘОЖ 51.7

## **МАТЕМАТИКАЛЫҚ КУРСТАРДЫ АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Бекмухамедова Динара Араппайқызы**

[arappaikyzy@mail.ru](mailto:arappaikyzy@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ іргелі математика кафедрасының 1 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі — Чигамбаева Д.К.

Ағылшын тілі — БҰҰ-ның алты тілінің бірі болып саналады. Ағылшын тілі — дүние жүзіне кең көп тараған тіл. Үнді еуропа тілдерінің батыс герман тілдеріне жатады. Ұлыбритания, АҚШ, Аустралия, Жаңа Зеландияның мемлекеттік тілі болып табылады. БҰҰ-да қабылданған ресми алты тілдің негізгісі. Алты құрлыққа кең тараған бұл тілде қазір 400 млн-нан астам адам сөйлейді. Қазақстан да 20 ғасырдың 50-жылдарынан бастап Абылай хан атындағы "Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері" университетінде, басқа да жоғары және орта оқу орындарында ағылшын тілі оқытылып мамандар дайындалды. Жеке пән түрінде мектеп бағдарламаларына енгізілді. Қазіргі таңда да ағылшын тілі шетте қалып жатқан жоқ керісінше жыл сайын даму үстінде [1].

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев өз жолдауында "2020 жылға дейін ағылшын тілін білетін тұрғындар саны біршама көбеюі керек" , -деп үміт артқан болатын [2].

Әсіресе, математика пәнін ағылшын тілінде меңгеру, студенттердің ғылымдағы жаңалықтармен жылдам танысуына, әлемдік деңгейдегі зерттеу жұмыстарын жүргізіп, жаңа бағыттағы ғылыми мақалалармен уақтылы танысып отыруына мүмкіндік береді. Ал бұл жағдай білімгерлердің бойында қазіргі заман талабына сай құзіреттіліктердің қалыптасуына септігін тигізеді. Әрине, пәндерді ағылшын тілінде оқыту үшін сол пәндерді ағылшынша жүргізетін білікті маман-мұғалімдер қажет. Бірақ бұл мәселе де Білім және ғылым министрлігінің назарынан тыс қалып отырмағаны мәлім.

Осы орайда 2018 жылы қазіргі таңда білім алып жатқан ЕҰУ механика-математика факультетінің (магиструтра) математика бөлімінде алғаш рет ағылшын тобы ашылды. Топқа ағылшын тілін мақсат еткен талапкерлерді іріктеп алды.

Бұл әрине еліміздің білім саласының жоғарғы деңгейге көтерілуіне септігін тигізетіні және математика бағытындағы пәндерді ағылшынша беретін мұғалімдердің саны артатыны қуантарлық жағдай.

Десекте бұл білім беру жүйесі қалай жүріп жатыр?

Алғашқы семестр міндеттелген пәндер ағылшын тілінде өтілді. Сонымен қоса математика сабағын ағылшын тілінде жүргізетін мұғалімдердің сабақтарына қатысқаным бар.

Ерекшелігі жәй ғана математиканың салаларын үйрету емес, математика пәніне қатысты термин сөздіктерді, белгілерді ағылшын тілінде үйрету. Барлық мұғалімнің сабақ беру әдістемелері бірдей емес әрине. Мінсіз деп те айта алмаймыз. Жетпейтін тұстары мен артық тұстары да жоқ емес.

Әр сабақ тікелей менің зерттеуіме байланысты және сол қатысқан сабақтарымның ішінен төмендегідей қорытынды шығардым.

Математиканы ағылшын тілінде оқытуда мұғалімдер жасай алған нәрсе:

- 1) Сабақ барысында студенттердің тілін жаттықтыруға тырысты;
- 2) Өтілген әр сабақтың материалдары (оқулық) барынша беріліп отырды;
- 3) Ағылшын тілінде тақырыпты өз бетінше талдауға үйрету;

Математиканы ағылшын тілінде оқытуда жетіспеген тұстары:

- 1) Математикаға қатысты белгілердің нақты, әрі тиімді берілмеуі;
- 2) Пән мұғалімінің өз саласына байланысты математикаға қатысты сөздіктердің берілмеуі;
- 3) Есеп шығару барысында ағылшын терминдерін көп қолданбау;

Иә, бұл тақырып өзекті және келешекте міндетті түрде пайдасын беретін тақырыптардың бірі. Сондықтан, қазіргі таңда зерттеулер жүргізіп, математика мамандығына байланысты термин сөздер мен белгілеулерді ағылшын тілінде ұсынбақпын (1,2 сурет).

| English                 | Kazakh            | Russian                |
|-------------------------|-------------------|------------------------|
| <u>Abbreviation</u>     | қысқарту          | сокращение             |
| <u>Abscissa</u>         | абсцисса          | абсцисса               |
| <u>Accessibility</u>    | Жетерлік          | Достижимость           |
| <u>Accumulation</u>     | Шоғырлану         | Накопление             |
| <u>Accuracy</u>         | дұрыстық, дәлдік  | правильность, точность |
| <u>Acnode</u>           | Оңашаланған нүкте | Изолированная точка    |
| <u>Acute angle</u>      | Сүйір бұрыш       | Острый угол            |
| <u>Addend</u>           | қосылғыш          | слагаемое              |
| <u>Addition</u>         | Толықтыру         | Пополнение             |
| <u>Addition</u>         | Қосу              | Сложение               |
| <u>Algebra</u>          | Алгебра           | Алгебра                |
| <u>Algorithm</u>        | Алгоритм          | Алгоритм               |
| <u>altitude</u>         | биіктік           | высота                 |
| <u>Amplitude</u>        | Амплитуда         | Амплитуда              |
| <u>Analogy (analog)</u> | Ұқсастық (ұқсас)  | Аналогия (аналог)      |
| <u>Analysis</u>         | Анализ, талдау    | Анализ                 |
| <u>Angle</u>            | бұрыш             | угол                   |
| <u>Angle bar</u>        | Бұрыштық          | Угольник               |
| <u>angle bisector</u>   | биссектриса       | Биссектриса            |

1сурет – Терминдер

| <u>Symbole</u> | <u>Symbole name</u>      | <u>Meaning / definition</u> |
|----------------|--------------------------|-----------------------------|
| =              | <u>equals sign</u>       | is equal to                 |
| ≠              | <u>not equal sign</u>    | not equal to                |
| ≈              | Approximation sign       | approximately equals to     |
| >              | <u>strict inequality</u> | <u>greater than</u>         |
| <              | <u>strict inequality</u> | <u>less than</u>            |
| ≥              | <u>Inequality</u>        | greater than or equal to    |
|                | <u>Inequality</u>        | less than or equal to       |
| ()             | brackets                 | Round brackets              |
| []             | <u>Brackets</u>          | <u>square brackets</u>      |
| { }            | <u>Brackets</u>          | braces                      |
| +              | <u>Addition</u>          | <u>plus</u>                 |
| -              | <u>subtraction</u>       | minus                       |
| ×              | <u>multiplication</u>    | <u>multiplied by</u>        |

## 2 сурет – Белгілеулер

Ұсынылып отырған терминдер мен белгілеулер алдағы уақытта математика мамандығын ағылшын тілінде оқитын студенттер үшін көп көмегі болмақ.

Пән мазмұны мен тілді оқыту өзара терең байланыста! Екеуі де ойлау қабілеті мен оқуды жақсартуға маңызды. Мағыналық мазмұнды талқылау мақсатымен басқалармен өзара әрекеттесу үшін тілді пайдалана отырып, адамдар өздерінің ойлау қабілетін жақсартады, бұл өз кезегінде олардың оқу қабілетін жақсартуына септігін тигізетіні сөзсіз.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <http://oqu-zaman.kz/?p=21384>
2. Еркін А. Үштүғырлы тіл атты мәдени жобасы / А.Еркін // Алматы: Қазақстан. 2012.– 20 мамыр. – 27 б.